



ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

Жазу: тілдің әліпбиі

6-тарау. Тілді меңгеру





Дәрісіміздің басынан бастап біз тілдің ауызша формасы туралы айтып келдік. Грамматиканы дыбыс пен мағынаны біріктіретін жүйе ретінде таныстырдық. Адам тілінің құрылымы биологиялық және генетикалық тұрғыдан аса маңызды эволюциялық дамуды білдіреді. Алайда жазу туралы олай дей алмаймыз. Ол тілді білдіретін визуалды жүйе болумен қатар қолмен жазуды, баспаны және осы жазба формаларының электрондық нұсқаларын қамтиды. Балалар тілді ресми түрде оқымастан-ақ табиғи жолмен үйрене алады. Сауат ашу яғни, оқып, жаза алу үшін адам саналы түрде талпыныс жасап, сабақ алу керек.

Жазу пайда болмай тұрып, қажетті білімді есте сақтаған жөн. Хабаршылар ақпаратты басында сақтайды. Маңызды ақпарат үлкеннен кішіге әңгіме арқылы жетіп отырды. Бүгінгі күннің өзінде де көптеген ауызша тілдің жазба жүйесі жоқ болғанмен, ауыз әдебиеті өте көп. Алайда адам жады аз уақыт қана өмір сүреді, мидың есте сақтау мүмкіндігі де шектеулі. Жазуда мұндай шектеулер болмайды және ол кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, байланыс орнауына мүмкіндік береді. Жазу қоғамның тарихын, әдебиетін, ғылымын және технологиясын ұдайы тіркеп отыруға жол ашады. Демек, жазу жүйесін дамыту – адамзат баласының ең басты жетістігі.

Жазудың пайда болуы жайлы көптеген аңыз-әңгіме бар. Грек аңызы бойынша, Феникс ханзадасы, Фивы қаласының іргетасын қалаушы Кадм әліпбиді ойлап тауып, оны өзімен бірге Грекияға алып келген. Қытайлық аңызда жазуды төрт көзді айдаһар құдай Цан Цзе ойлап тапты делінсе, енді бірінде, жазу алғаш рет қытай аңызында кездесетін бір мүйізді ақ айуан Чиллиннің арқасындағы белгілер түрінде пайда болған деседі. Басқа бір аңызда Вавилон құдайы Набу мен мысырлық құдай Тот екеуі адамзатқа тілмен бірге жазуды да сыйлаған деп жазылған. Талмудтық ғалым Рабби Акиба әліпбиді адам жаратылғаннан бұрын пайда болды десе, үнділердің дәстүрі бойынша, жазуды Брахманың әйелі Сарасвати құдай ойлап тапқан. Бұлардың барлығы жай бір әңгіме болса да, бір сөз қағазға түскенге дейін сансыз көп сөз айтылғаны еш дау туғызбайды. Жазу адамзат тарихында кейіннен пайда болды және ол ақырындап дамыды. Керемет дарынды ата-бабамыз таңертең тұра салып: «Бүгін мен жазу жүйесін ойлап шығарамын», – деген шешімге келді деу ақылға сыймайды.

Жазудың негізі ертедегі адамдардың салған суретінен басталады. Петроглифтер деп аталатын үңгірлік өнер оңтүстік Францияның Шове үңгірінде табылған. Ол жөнінде 2011 жылы «Ұмытылған армандар үңгірі» деп аталатын деректі фильмде көрсеткен болатын. Ол жазуларды 30000-нан аса жыл бұрын өмір сүрген адамдар жазғанымен, біз оларды қазір «оқи» аламыз. Бұл жазбалар сол кездегі өмірдің жазбаша суреттемесі еді. Біз олардың неге пайда болғанын білмейміз. Олар графикалық байланыстан гөрі эстетикалық өрнектер болуы да мүмкін. Кейіннен өмірге келген суреттер шынымен-ақ «суретті жазбалар» яғни, пиктограммалар. Қазіргі жазу жүйесінен ерекшелігі – әрбір пиктограмма өзі білдіретін заттың тура бейнесін көрсеткен. Символдың формасы мен мағынасының арасында шынайы байланыс бар. Комикстер де жеткізілуі тиіс ойдың пиктографиялық көрінісі. Жазудың ертедегі формасы заттарды оларға лингвистикалық атау берместен, сол қалпында жеткізді. Сондықтан олар ауызша тілдің сөздері мен дыбыстарын білдірмеді.

Пиктографиялық жазбалар ерте кездерден бері бар. Бүгінде оларды Африкадан мұхиттарға дейінгі аймақтан, тіпті интернеттен де табуға болады. Электрондық хаттарда, жедел хабарламаларда, твиттерде және т.б. эмотикондарды яғни, тілге қарамастан сияқты нақты бір мағына беретін пиктографиялық символдарды көптеп қолданады. Саяхатшылар үшін жергілікті жердің тілі түсініксіз болатындықтан, халықаралық теміржолдарда да пиктограммалар қолданылады. АҚШ Ұлттық саябағы қызметінің қолданатын белгілерін түсіну үшін ағылшын тілін білуіңіз міндетті емес. Пиктограмманы белгілі бір заттың белгісі деп қабылдағаннан кейін оның мағынасы заттардың атрибуттарын немесе оларға қатысты концептілерін де білдіретін болады. Күннің суреті жылылықты, ыстықты, жарықты, күндізді және т.б. білдіруі мүмкін. Осыдан кейін пиктограммалар заттардан гөрі ойды көптеп білдіре бастады. Жалпыланған мұндай пиктограммаларды идеограммалар яғни, идея жазбасы не идея жазу деп атайды.

Пиктограмма мен идеограмманың арасындағы айырмашылық нақты емес. Идеограммалар заттың тура емес белгісі болуы мүмкін, осыған байланысты адам қандай да бір идеограмманың нені білдіретінін жаттауға тура келеді. Ал пиктограммалар дұрыс. Мысалы, «көлік қоюға болмайды» деген символ қызыл сызықтың ішіндегі Р деген қара әріп арқылы белгіленумен



қатар, жай қызыл сызық – идеограмма. Артып жатқан көлік бейнеленген «көлік қоюға болмайды» деген символ да пиктограмма сияқты тура.

Нәтижесінде пиктограммалар мен идеограммалар қазір қатты өзгеріп кеткендіктен, жүйені білмеген жағдайда оларды оқу қиынға соқпақ. Жүйені түсіну үшін біз идеограммалар жасалған тілдегі сөздерді білуіміз керек. Осылайша идеограммалар лингвистикалық символдарға айналады. Олар ойды білдіретін дыбыс пен мағынаны қамтитын сөзді аңғартады. Бұл жазу жүйесін дамытудағы революциялық саты болды.

Жазу жөніндегі біздің білетініміз, оның тарихы 6000 жыл бұрын оңтүстік Месопотамияда (қазіргі Ирак) өркениет құрған, шығу тегі белгісіз ежелгі адамдар яғни, шумерлер қалдырған жазбалардан бастау алады. Олар артына іскерлік құжаттар, дұғалар, эпикалық поэмалар мен мақалдардан т.б. тұратын сансыз балшық тақталарды қалдырған. Бұл жазба құжаттардың көптігі сонша, Пенсильвания Шумер сөздігі жобасы 2006 жылы олардың жазба тілі бойынша он сегіз томдық онлайн сөздік жасап шығарды.

Шумерлердің жазу жүйесі – бізге белгілі жазулардың ең көнесі. Олар саудаға бейім әрі жұмысы аса ауыр болғандықтан, тұрақты жазбаға деген қажеттілік туды. Олар санау бірліктерімен қатар жан-жақты ойластырылған пиктография ойлап шығарды. Ғасырлар бойы шумерлер өздерінің белгілерін қарапайымдатып, шартты түрге енгізді. Олар шөлдің ыстық күніне қойған кезде лезде қатып шыға келетін балшық тақталарға басып, сына тәріздес қалыпқа салу арқылы өздерінің жазба тілдерінің символдарын шығара бастады. Жазудың бұл түрін сына жазуы, латын тілінен сөзбе-сөз аударғанда сынаға ұқсас жазу деп атады. Сына жазуы дамыған сайын оны қолданушылар заттың өзінен гөрі олардың атын білдіретін символдар ойлап таба бастады. Осылайша сына жазуы тілдегі сөздерді, солар арқылы олардың мағынасын тура білдіретін болды. Мұндай жүйені литография яғни, сөзді жазу деп, ал символдарды логогрифтер деп атады.

Буын бойынша жазу жүйесіне сәйкес тілдегі әр буынның өз символы бар, ал сөздер тек буынға бөлініп жазылады. Сына жазуы ешқашан таза буынға негізделмеген. Толық бір сөзді білдіретін символдар болған. Ассириялықтар қажет болған жағдайда олардың тіліндегі әр сөзді буынмен жазуға болатынына қарамастан, сөзді білдіретін көптеген символдарды сақтап қалды. Парсылар өз тілдері үшін сөзді білдіретін символдарды қолданыстан ығыстырып шығарған жаңа буындық алфавит ойлап шығарды. Б.з.д. 521–486 жж. өмір сүрген Дарий I үстемдік етіп тұрған кезде бұл жазу жүйесі кеңінен қолданылды.

Графикалық белгінің өзі білдіретін сөзге одан әрі визуалдық байланысы болмаған жағдайда ол сөзді білдіретін дыбыстардың орнын басып, фонографиялық символға айналады. Ондайда бір белгі сөздегі бірдей дыбысты яғни, омофонды білдіретін дыбыс ретінде қолданылады. Мысалы, егер \odot символы ағылшын тілінде күнді (sun) білдірсе, оны сөйлемде былайша қолдануға болады *My \odot is a doctor* (менің ұлым дәрігер). Бұл – ребустық қағиданың мысалы.

Ребус дегеніміз – аттары сөз сияқты естілетін заттардың суретін сөзбен жеткізу. Олай болса, *eye* сөзін де, *I* (мен) есімдігін де білдіруі мүмкін. Екі сөздің мағынасы бөлек болса да, дыбысталуы ұқсас. Сол сияқты *APA* мен бір ЖАПЫРАҚ сенім яғни, *belief* (*be + lief = bee + leaf = /bi/ + /lif/*) дегенді, ал *Ara* мен Екі Жапырақ *believes* яғни, сенімдер дегенді білдіреді. Анекдоттарда, жұмбақтар мен жарнамаларда ребустық қағиданы қолданады. Белгілі балмұздақ компаниясы '*1derful flavors*' яғни, «1 керемет дәм» деген жарнама бергізген. Алайда мұны тиімді жүйе дей алмаймыз, өйткені, көптеген тілдің сөздерінде бір өзі тұрып жеке мағынаға ие болатын дыбыстар жоқ. Айталық бұл ребустық қағидаға сүйеніп, *English* (ағылшын) (*/iŋ/ + /gliʃ/* сөзін бейнелеу қиын болар еді.

Шумер пиктографиясы өркен жайып жатқан кезде мысырлықтар, кейінде гректер иероглифтер деп атап кеткен осыған ұқсас жүйені қолданатын еді. Қазіргі Ливан орналасқан жердегі Финиксте тұратын семиттіктер иероглифтермен қатар шумер жазбасының басқа түрлері жайлы жақсы білген; б.з.д. 1500 жылы олар жиырма екі әріптен тұратын жазу жүйесі – Батыс Семит әліпбиін ойлап тапты. Көбінесе әріптер тек дауыссыздарды ғана білдіретін. Тілді білетіндіктен, оқырман дауыстыны және қалған буынды өзі қосып алатын. Демек батыс семит алфавитін силлабарий, дауыссыздар әліпбиі немесе абджад деп те атауға болады.

Ежелгі гректер финикстіктердің жазу жүйесін қолданбақшы болғанымен, силлабарий ретінде ол жеткіліксіз болды. Өйткені гректерде өте көп күрделі буындық құрылым бар.



Финикстіктерден айырмашылығы, гректерде дауыстыны мәнмәтінге қарап анықтауға болмайды. Сондықтан гректер дауыстыны әдейілеп жазып шығуды талап етті. Бағына қарай, финикстіктерде дауыссыздар саны көп болды, сондықтан гректер бұл жүйені алған кезде артық дауыссыздың белгілерін дауыстылар үшін қолдана бастады. Нәтижесінде әліпбилік жазу пайда болды және мұнда дауыссыздар да, дауыстылар да қатар болды. Алфавит сөзі грек әліпбиінің басқы екі әрпі alpha және beta деген сөздерден шыққан.

Бүгінде қолданылып жүрген көптеген әліпбилік жүйе грек жүйесіне негізделеді. Этрустықтар бұл алфавитті білді және солар арқылы ол бұл әріптерді латын үшін қолданған романдықтарға жетті. Әліпби батыс өркениеттеріне таралып, кейіннен әлемнің көптеген елі оны қолдану мүмкіндігіне ие болды.

Бір көзқарасқа сүйенсек, әліпбиді ешкім ойлап тапқан жоқ, оны ашқан. Егер тілде жеке дыбыстар болмаса, ешкім де оларды білдіретін әріптерді ойлап таба алмаған болар еді. Адамдар бір фонема үшін бір белгіні қолдана бастаған кезде олар тілдерінің фонологиялық жүйесі жайлы ішкі білімдерін ашық қолдана бастады.

Сөз жазуда немесе графикалық жазу жүйесінде жазбаша таңба әр сөздің немесе морфеманың мағынасымен қатар айтылуын да білдіреді. Мұндай жүйелер күрделі болып келеді, өйткені, олар мыңдаған таңбадан тұрады. Керісінше, үлкен сөздіктегі сөздердің барлығы тек жиырма алты әліпбилік символ мен азғантай арнайы таңба арқылы жазылуы мүмкін. Сөз жазуда әлемнің көп жерінде неге әліпбилік жүйе қолданылатыны түсінікті.

Қытайдың жазу жүйесінің үзбей жалғасып келе жатқан 3500 жылдық тарихы бар. Негізінен ол – әрбір таңба бір жеке сөзді немесе морфеманы білдіретін сөз жазу жүйесі.

Ұзын сөздерді екі сөзді немесе морфеманы біріктіру арқылы жазуға болады. Мысалы, бизнес дегенді білдіретін *māimai* сөзі сатып алу және сату сөздерінің қосындысынан шыққан. Бұл ағылшынша біріккен сөзге ұқсайды. Ағылшын тіліндегі сансыз *take, takes, taken, took, taking* сияқты флективті етістік формалары мен *cat cats cat's cats* сияқты флективті зат есімдерге байланысты ағылшын және басқа да үнді-еуропа тілдерінде сөз жазу жүйесін қолдану мүмкін емес. Бұларды жазу үшін көптеген таңба қажет болады. Ал қытай тілінде ондай көп флективті сөз жоқ.

Флективті формаларды айтпағанның өзінде қытай сөздіктерінде он мыңдаған таңба бар. Ал газет оқу үшін адамның 5000 таңбаны білуі жетіп жатыр. Қытай тілін жаңадан үйреніп жатқан балалар мен қытай тілінде сөйлемейтін адамдардың қытайша жазуын жеңілдету мақсатымен Қытай үкіметі пиньинь деп аталатын роман әліпбиін қолдана отырып жасалған айтылу жүйесін шығарды. Бұл олардың күнделікті таңбалар жүйесімен қатар қолданылады. 2008 жылы болған жазғы олимпиада кезінде көше, саябақ, мейрамхана, қонақүй, сауда орталықтарының аттары сияқты Бейжіңдегі ақпараттың барлығы дерлік шетелдік саяхатшылар үшін екі жүйеде бірдей жазылды. Қытай мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын дәстүрлі жазу жүйесін ауыстыруды үкімет мақсат етпейді. Қытайлықтар үшін жазу дегеніміз – каллиграфия, ал поэзия, әдебиет және тарих мыңдаған жылдар бойы осы ескі жүйеде сақталып келді.

Бірінші мыңжылдықта жапондар жапон тілінде жазу үшін қытайлық таңбаларды қолданды. Алайда ауызша жапон ауызша қытай тіліне ұқсамайды. Генетикалық тұрғыдан олар туыс тілдер емес. Сөз жазу жүйесі өзі ғана тұрып жапон тілін толығымен қамти алмайды. Өйткені жапон тілі өте жоғары флективті тіл деп есептеледі әрі етістіктері отыздан астам формада кездесуі мүмкін. Флективті жалғаулар мен басқа грамматикалық морфемаларды білдіру үшін ғалымдар қытай таңбаларына негіздей отырып, буындық таңбаларды жасап шығарды. Осылайша кандзи жазуы барлық түбір етістіктерде, хирагана флективті таңбалар үшін қолданылады.

Еврей, араб сияқты семит тілдері тек дауыссыз дыбыстар арқылы жазылады. Олай болу себебі, бұл тілдерде көп сөздің түбірі дауыссыздардан тұрады. Мысалы, араб тіліндегі *ktb* дауыссыздары «жазу» дегенге қатысты сөздердің түбірі. Олай болса, *katab* «жазуды», *aktib* «мен жазамын» дегенді, ал *kitab* «кітап» дегенді білдіреді.

Флективті және туынды сөздер үш дауыссыздан құралған түбірлерге түрлі дауыстылар қосылу арқылы туады. Осындай құрылымға байланысты мағынаны да, айтылуды да білдіретін дауыстыларды ауызша тілді білетін адам өзі қоса алады. Араб, еврей сияқты семит тілдерінен ерекшелігі, Дилбертте көрсетілгеніндей, ағылшынның дауыссызы да, дауыстысы да өте күрделі.



Семит алфавиті дауыстыларды білдіру үшін диакритикалық таңбаларды қолданады. Бұл көп жағдайда діни жазбалардың нақты айтылуын сақтап қалуды қалаумен байланысты болса, көп жағдайда оқып жазуды енді үйреніп жүрген балалар мен шетелдіктерге деген құрмет. Еврей тілінде нүкте сияқты басқа да кішкентай белгілер өзінен кейін келетін дауыстыны білдіру мақсатында дауыссыздың астына, үстіне, тіптен ортасына жазылады. Мысалы, мына белгі ***** еврей әліппесінде l (л) дыбысын білдіреді. Еш жалғау-жұрнақсыз-ақ, одан кейін келетін дауыстыны мәнмәтін арқылы білуге болады. Алайда белгі ***** одан кейін келетін дауыстының [ε] екендігін білдіріп тұр, демек, шын мәнінде [ε] буыны. Герман тілі болып саналатын идиш тілі дауысты дыбыстарды символдар мен диакритика арқылы жеткізетін еврей алфавитінің бір нұсқасын қолданады.

Семит жүйесін дауыссыздар әліппесі деп атайды, өйткені, олар – тек дауыссыздары ғана толығымен дамыған символдар. Кейде оларды силлабарийлер деп те атайды. Себебі дауысты дыбыс жазылған кезде дауыссыз әріп буынды білдіретіндей болуы мүмкін. Нағыз силлабарий болған жағдайда адам әр символды дұрыс және түсінікті айту үшін оның фонетикалық қасиетін білуі керек. Жапон силлабарийін білгеннен кейін жапон тілін білмей-ақ жапоншаны фонетикалық тұрғыдан дұрыс оқи алатын боласыз. Дауысты диакритикасыз араб және еврей тілдерінде бұл мүмкін емес нәрсе.

Алфавиттік жазу жүйесін үйрену оңай, қолдануға ыңғайлы және кез келген тілді транскрипциялауда таптырмас құрал. Олар фонемалық қағидаға негізделеді, әр әріп немесе әріптер қосындысы тілдің фонемасын білдіреді және /p/ дыбысының түрліше айтылуы сияқты фонемалық емес айырмашылықтар онда болмайды. XII ғасырда Исландияның ғалымы қазіргі исланд тілінде қолданылатын әліпбилік жазуды ойлап тапты. Оның орфографиясы тек фонемалық қағидаға негізделді. Айрықша ерекшеліктерді қолдану үшін ол минималды жұпты пайдаланды. Сондай-ақ қатаң және ұяң [θ], [ð] үшін де, [f] мен [v] үшін де, велярлы [k] үшін де, тіпті таңдайлық [tʃ] үшін де басқа символдарды ұсынып әуре болған жоқ, себебі, бұл жұптар – /θ/, /f/, /k/ фонемаларының аллофондары. Бұл алфавиттің әріптері сол ғасырдағы жеке фонемаларға ғана арналды.

Кореяның Сейджонг патшасы (1397–1450) ғалымдармен бірлесе отырып, фонемалық әліпби жасап шығарғанда кәріс тіліне бұл қағиданың тура келетінін түсінді. Патша оқығанды жақсы көретін еді, сондықтан кәріс тілінде қолданылып жүрген 30000-нан астам қытай таңбасы сауат ашуға бөгет болып жүргенін байқады. Патша еңбегінің жемісі ретінде хангыль деп аталатын кәріс әліппесі пайда болды. Қазір ол он төрт дауыссыздан (оның бесеуі созылыңқы) және он екі дифтонгке дейін жалғасатын он дауыстыдан тұрады.

Көптеген еуропалық әліпби жеке таңбаны білдіру үшін диакритикалық белгілерді қоса отырып, латын (роман) әріптерін қолданады. Мысалы, испан тілінде seño деген сөздегі палатализацияланған мұрынжолды ñ дыбысында диакритикалық белгіні қолданады. Ал неміс тілінде латын тілінде болмаған дауыстылар үшін умлаут деп аталатын белгіні қолданады. Мысалы: über. Диакритикалық белгілер жапон силлабарийіндегі қырық алты кананың тілдегі 100-ден астам буынды білдіруіне мүмкіндік жасайды. Олар тай сияқты тоналдық тілдерде буын тонын білдіру үшін де қолданылады.

Кейбір тілдер екі әріпті қатар пайдаланады, оны диграф деп атайды және бір ғана дыбысты білдіреді. Ағылшынша she дегендегі sh /ʃ/, chop дегендегі ch /tʃ/, sing дегендегі ng /ŋ/, loaf дегендегі oa /loʊ/ сияқты көптеген диграфтар бар. Еуропалық тілдерден басқа түрік, индонезия, суахили, вьетнам тілдері латын әліпбиін қолданады. Аз уақыт бұрын өздерінің жазу жүйесін жасаған басқа тілдер өз әліпбиінде Халықаралық парсы әліпбиінің кейбір фонетикалық символдарын қолданады. Мысалы, тви тілінде э, ε, η дыбыстары бар.

Көптеген славян тілдері, әсіресе орыс тілі әулие Кирилдің құрметіне осылай аталған кирилл алфавитін қолданады. Ол латынның араласуынсыз, тура грек алфавитінен жасалған. Араб, парсы (Иранда қолданады), урду (Пәкістанда қолданады) сияқты үнді суб-континентінің көптеген тілінде қазір қолданылып жүрген әліпбилер ежелгі семит силлабарийінен бастау алады.

Жазудың пайда болуы бізді уақыт пен географиялық шектеулерден құтқарды, алайда ауызша тіл әлі де басымдыққа ие және көптеген лингвистерді мазалайтын негізгі мәселе. Дегенмен жазу жүйесінің де өзіндік ерекшеліктері бар.



Адам контрастивті екпін арқылы сөйлемдегі кез келген сөзді баса айтуы мүмкін. Мұндай жағдайда жазушылар кейде бас әріптерді, көлбеу жазуды пайдаланып, сөздердің астын сызып қоятын кездер де болады. Астын сызып көрсету секілді көрнекі құралдар ағылшын тіліне көмектескенімен, оларды қытай сияқты тілдерге қолдануға бола ма, әлде жоқ па, бұл мәселе әлі шешімін тапқан жоқ. Ал жапон тілінде мұндай жағдайды катакана жазуы арқылы жеткізуге болады. Жазба тілде көлбеу жазу біраз қызмет атқарады. Оның бірі – курсивпен жазылған сөздің қай сөз табына жататынын көрсету, мысалы, «sheep is a noun». Қатты өлеңдетіп айтылатын балалар жұмбағы осы ерекшелікке негізделеді:

Railroad crossing, watch out for cars
How do you spell it without any r's?

Жауабы: i-t. Мұндағы негізгі мәселе, дұрыс жазылған жағдайда екінші жол былай болар еді:
How do you spell it without any r's?

Жазу ауызша тілді еш қатесіз көрсете алған жағдайда емле реформасына деген қажеттілік туындамаған болар еді.

Бұл мәселе Бернард Шоуды былайша жазуға итермеледі: «Адамды жануардан жоғары шығарған бірден-бір нәрсе – оның оқып, жаза алатыны. Мен тек өз қалауыммен ғана жазамын. Бұл іспен кәсіби тұрғыда алпыс жыл бойы айналысып келемін. Ағылшын пайда болмай тұрып, ғасырлар бұрын мүлдем басқа тіл үшін жасалған аз әліпби арқылы да осылай жасауға болар еді. Емленің мақсаты – сөздің дыбысталуы мен мағынасынан гөрі, оның түпнұсқасы мен тарихын көрсету», – деген түсінікпен бұл алфавитті орфографиямен шектеп қойды. Юлий Цезарь debt деген латын сөзіне b әрпін қосып айтпай, оны d-e-t деп айтқан баланы дұрыс айтпадың деп сөгеді.

Графемалар (әріптер) мен фонемалардың арасындағы сәйкессіздік «Джоннидің оқи алмауының» бір себебі ретінде көрсетіледі. Lead /lid/ және lead /led/ омографтары емлені реформалау қозғалысына алып келді. Бір дыбыстың айтылуының түрліше болуы, оқылмайтын әріп және әріптің түсіп қалуы, барлығы да ағылшын үшін жаңа орфографиялық жүйенің қажет екенін көрсетеді.

Берілген мысалдардан ағылшынның жазылуы емлесі мен дыбысталуының арасындағы айырмашылықты көреміз:

Айтылуы бірдей, жазылуы бөлек

/ai/

aye

buy

Айтылуы бөлек, жазылуы бірдей

thought /θ/

though /ð/

Thomas /t/

Айтылмайтын әріптер

Listen

Debt

Gnome

Know

Әріптің түсіп қалуы

use /juz/

fuse /fjuz/

Бүгінгі ағылшын сөздерінің көбінің айтылуы XIV, XV, XVI ғасырлардағы ауызша ағылшынға негізделген. Ол кездегі адамдар бір сөзді үнемі бірдей айтудың қажеті жоқ деп есептеген. Шекспир өз атын бірнеше жолмен айтқан. Өзінің пьесларында ол жекеше түрдегі есімдікті түрліше яғни, I, ay, aye ретінде айтып отырған.

Иоганн Гутенберг XV ғасырдың ортасында баспа өнерін ойлап тапқаннан кейін архаикалық және идиосинкратикалық емлелер кеңінен таралып, тілде орынығып қалды. Баспадағы сөздер



көбінде қате жазылды, өйткені, ертедегі баспагерлердің көбі үшін ағылшын тілі ана тілі емес еді. Емлені реформалаушылар сөздің тұрақты айтылуының қажет екенін түсінді. Бұл жағынан алғанда, реформа өте қажет еді, бірақ, ғалымдардың көбі айрықша құлшыныс танытты. Олар классикалық грек пен латын тілін жоғары бағалайтындықтан, ағылшын тілінің айтылуын олардың этимологиясына сәйкес келетіндей етіп өзгертті. Латын тілінде *b* болғанымен, айтылмаса да, *b* әрпін қосты.

Түпнұсқалық емледе *c*, *p* және *h* болса, ағылшын сөзіне де бұл әріптер қосылды. Оны төмендегі мысалдан көруге болады:

Орта ғасыр ағылшын емлесі	→	Түзетілген емле
indite	→	indict
dette	→	debt
receit	→	receipt
oure	→	hour

Дат, француз, норвег және орыс тілдері соңғы жүз жылда емле реформасын бастан өткерді. Оның негізгі себебі – балалар мен босқындар үшін сөздің айтылуын жеңілдету және халықаралық қауымдастықтар үшін ыңғайлы ету. 1996 жылы немісше сөйлейтін бірқатар мемлекет архаикалық айтылу жолдарын қазіргі заманға сәйкестендіріп, тұрақтандырады. Әдеттегідей, бұл өзгерістерге қарсылық әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Мәтіндік хабарлама, жылдам хабар беру, туиттер сияқты СМС (Short Message Services (SMS) түрлері емлеге қатты әсер етуде. Кеңістіктің аз болуына байланысты мәтіндік хабарламалар түсінікті боларлық деңгейге дейін қысқартылады. Мысалы: «What do you (all) think of the way the English language is evolving through the ever increasing use of text messages?» деген 117 таңбадан тұрса, оны қысқартып, «wat uz of da wy da enngllsh lang iz evolvn tru da eva incresn yuz of txt msgs» (79 таңба) деген сөйлем жасап шығарған. Бұл хабарламаны стандарт деуге болмас. Әр адамның өз жазу жолы бар. Мұнда мәтіннің түсінікті болуы басты мәселе болғанымен, бір кездері тек оқу сарапшылары ғана білетін құпияны қазір мәтіндік хабарлама жібергіштер де біліп алған: сөздің әріптері араласып кетсе немесе түсіп қалса, басқы және соңғы әріптерді сақтап қалу аса маңызды.

Мына сөйлемді оқып көріңіз. *fi yuo sna raed tihs, you porbblay hvae a snees fo txet mssegmig.*

Ребустық қағида да мұндай хабарламаларда қолданылып жатады: 'create' дегенді *cre8*, 'wonder' дегенді *der* деп белгілейді. Фонетикалық емле де жоқ емес: 'useful' деудің орнына *yusfl*, 'through' деудің орнына *thru*. Акронимдер: LOL: 'laugh out loud' және т.б. Тіпті қатып қалған емлені жақтаушылардың өзі уақыттарын үнемдеу үшін 'night' сөзін *nite* 'Wednesday' сөзін *Wensday* деп жазуы мүмкін. Алайда кейбіреулер мәтіндік және туиттерлік хабарламалар тілді бұзып жатыр десе де, шындығында мобильдік коммуникация – тілдік біліктіліктің бір бөлігі болып саналатын адам шығармашылығының тағы бір мысалы. Расында, ребустан логография, буынмен айту, акроним, қысқартулар, құпия кодтар және т.б. сияқты жазу тарихында мәтіндік хабарламадан да басқа жазу түрлері болды.

Бүгінгі емле сөздердің ертеректегі айтылуына негізделеді. Содан бері ағылшынның айтылу жүйесінде болған өзгерістер баспадан шыққан көптеген материалдар мен схоластикалық консерватизмнің әсерінен қатып қалған қазіргі емлеге еш әсер еткен жоқ. Осыған байланысты қазіргі ағылшын орфографиясы үнемі дерлік тілдің фонологиясы туралы біздің білетінімізді көрсете бермейді. Қолдағы жазу жүйесі адамдардың жүз жыл бұрын жазғанын аудармасыз оқып түсінуге мүмкіндік беретіні бұл кемшіліктің орнын толтырмақ. Егер сөздердің айтылуы мен жазылуы бірдей болса, біз Шекспир мен Диккенсті оқи алмаған болар едік.

Тілдер өзгереді. Сөздің айтылуы мен жазылуының арасында тура сәйкестіктің болуы мүмкін емес және ешкім оны қаламайды да. Мысалы, омофондарды алып қарар болсақ, төмендегі мысалда көрсетілгендей, айтылуы бірдей сөздердің жазылуы бөлек болғаны бізге үлкен көмек:

Льюис Кэрролл бұл мәселеге мысқылмен қарайды: «And how many hours a day did you do the lessons?» said Alice.

«Ten hours the first day», said the Mock Turtle, «nine the next, and so on».

«What a curious plan!» exclaimed Alice.



«That's the reason they're called lessons», the Gryphon remarked, «because they lessen from day to day».

Айтылуы бөлек сөздердің жазылуы бірдей болуының себебі бар. Түрлі мәнмәтінде келген жағдайда морфема түрліше айтылады. Сөздің бірдей жазылуы сөздің түрлі айтылуының бір морфеманы білдіретінін көрсетеді. Көптік морфемасы бұған мысал бола алады. Cats сөзінде [s] деп, dogs сөзінде [z] деп айтылғанымен, жазылу кезінде екеуінде де s жазылады. Қандай жағдайда да, морфеманың айтылуы ереже арқылы анықталады.

Асты сызылған дауыстылардың фонетикалық айтылуы үлгіге сай іске асады: Бұл факторлар кейбір ғалымдардың ағылшын тіліне фонемалық орфографиямен қатар, морфофонемалық орфография да тән деген қорытындыға келуіне түрткі болды. Ағылшын тілін дұрыс оқу үшін морфофонемалық білім қажет.

Жазба тілінің ауызша тілге біршама әсері болғанымен, ол негізгі жүйені яғни, тілдің грамматикасын өзгерте алмайды. Тіпті ол емлеге сай емес қысқартылған хабарлама яки ақындардың әдеби жазбасы болса да, жазу әр адам жақсы білетін грамматикадан ауытқып кетпейді. Кейде «өтірік жазу» деп аталатын псевдожазу – комикстердегі басқа ғаламшардан келген адамдардың диалогын білдіру мақсатында ойдан құрастырылған әліппе деп аталады. Мұндай әріптердің әдетте еш мағынасы жоқ және нағыз әліппе мен ауызша тілге еш қатысы жоқ. Ең қызығы, мұндай жазу Серафини кодексі деп аталып, оны итальяндық суретші әрі сәулетші Луиджи Серафини ойлап тапқан. 400 беттен тұратын кітап баспа әріптер мен көлбеу жазуларда псевдо-жазулар қалай болуы мүмкін екенінің мыңдаған үлгісі мен суретін көрсетеді. Бұл жазулардың нағыз әріптерге ұқсайтыны сонша, кітап авторының олардың еш мағынасы жоқ және ауызша тілге мүлдем қатысы жоқ дегеніне ғалымдар сенімсіздік танытып, сына және иероглифтер секілді оқып көруге тырысты. Авторлар псевдожазуды лингвистикалық біліктілігіне немесе кәсіби қабілетіне сүйеніп тапқанын деп басып айта алмағанымызбен, бір нәрсе анық – оқу мүмкін емес Серафини кодексі адамның шығармашылық қабілетінің ерекше екенін көрсетеді.